



ХФТАР 17.82.30

У.А. Амирбекова
А. Бакумбайқызы*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: arussmail@gmail.com

Қазіргі заманғы корей поэзиясындағы су стихиясы мәселесі

Аңдатпа. Мақалада әлемнің көркем картинасындағы су стихиясының ролі, оның корей поэзиясында алатын орны қарастырылады. Қиыр Шығыс поэзиясындағы, соның ішінде корей поэзиясындағы табиғат образдарының терең философиялық-нышандық маңызы бар. Су стихиясы басқа да алғашқы элементтер тәрізді адамзат тіршілігінің ажырамас бөлігі болып саналады. Су стихиясы жалпы адамзаттың даму тарихында үстем болған көне бейнелердің бірі. Автор қазіргі заманғы корей ақындарының өлеңдерін талдау арқылы корей поэзиясындағы су образының ерекшеліктерін ұғынуға талпыныс жасаған. Корей халқының рухани мәдениетінің сарқылмас көзі болып табылатын корей поэзиясы сырт көзге қарапайым болып көрінгенімен де, астарында терең мағына жатқандығын байқауға болады. Мақалада қазіргі заманғы корей ақындарының өткен замандардағы классикалық әдеби мұраның жекелеген бөлшектерін – су тақырыбын пайдалана отырып, өздерінің дара әдеби әлемін жасағандығы баяндалған.

Түйін сөздер: су стихиясы, су формалары, су символикасы, өмірдің қайнар көзі, қайып-қатер ошағы, «архетип» түсінігі, әлемдегі үйлесімділік пен сұлулық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-137-4-172-181>

Түсті: 22.02.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 08.10.2021

Кіріспе

Баяғы замандардан бері адамдардың назарын өзіне аударып келе жатқан стихиялардың бірі – су стихиясы. Ол жер шарын мекен еткен адамдар үшін тіршіліктің бастауы болып қала бермек. Су – өмір белгісі. Ол образдық мифологиялық санада да, күнделікті тұрмыста да таным эквиваленті

ретінде қызмет етеді. Әлемнің жаратылысы туралы мифтерде су одан пайда болған кез-келген өмірдің қайнаркөзі болып табылады, сонымен қатар, ол ерітіп жіберу, батырып жіберу құралы да. Көптеген халықтардың мифологиясында су киелі мәртебеге ие. Мифологиялық ұғым шеңберінде судың құтқарушылық, сақтаушылық, жасартушылық қасиеттерін айтуға болады.

Алайда, су жамандықтың, өлімнің қайнаркөзі ретінде де анықталады. Яғни, су екіжақты: бір жағынан ол өмір сыйлайды, тіріледі, жан бітіреді; екінші жағынан онда топан су басу, жойып жіберу күші бар [1, 42 б.].

Француз философы Г.Башляр «Право на грезу» (Droit de rêver) жинағында жарияланған өзінің «Художник на службе у стихий» деген эссесінде: «Бағзы замандардан бері пәлсәпашыларға әлемнің кереметтілігін көрсетуге көмектесіп жүрген стихиялар – от, ауа, жер, су – көркем шығармашылықтың да бастауы болып қала береді. Олардың елеске, көз алдымызға елестетуге ықпалы жанама түрде, әрі метафоралық болып көрінуі мүмкін. Дегенмен де, элементтердің ғарыштық күшіне өнер туындысының қатыстылығы анықталған сәттен бастап-ақ бізде ең кемел туындылардың бірлігі мен тұтастығын нығайтатын бірліктің түп-негізін тапқандай әсер пайда болады» [2, 6 б.],-деп Г.Башляр біз мақаламызда қарастырғалы отырған су стихиясының басқа стихиялармен бірге көркем шығармашылықтың бастауы болып қала беретіндігін атап көрсеткен.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері А.Байтұрсынов «Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер, үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады... Біреулер ... әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады» деп [3, 6 бет] айтқандай, көркем әдебиетте ажарлы сөздің көмегімен туындаған әлемдегі төрт стихияның бірі – су стихиясымен байланысты өлең-жырлар аз емес.

Шындығында да, кез-келген халықтың ұлттық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алатыны белгілі. Бұлай болуы заңдылық. Ол мұхиттардың жағасын мекен еткен халықтар болсын, сайын далада көшіп-қонып жүрген халықтар болсын – бәріміздің табиғаттың бір бөлшегі екендігіміз анық. Сондықтан,

ақын-жазушылардың табиғатты жырлауы таңғаларлық құбылыс емес.

Ақын өзінің жүйрік қиялының арқасында шынайылықтан асып түсетін образдарды сомдауға қабілетті, әрі ол алғашқы төрт элементтің бірінің жақтаушысы, дәлірек айтқанда, стихияларды жырға қосқан ақындардың өздерінің бір сүйікті поэтикалық образы, өзі таңдап алған алғашқы адами сезімге қатысты адалдығы пайда болады. Поэтикалық образ жеке дара динамикаға ие. Поэтикалық образдың динамикасы ешқандай заңдылықтарға, себептік байланыстарға бағынбайды. Сондықтан да болар, поэтикалық образды түсінудің қажеті жоқ, онымен бірге бәрін сезіну керек. Ал оны сезіну үшін, ақын бейнелеген поэтикалық образды өзімізден өткізу үшін біз алғашқы төрт элементке – отқа, ауаға, жерге, суға жүгіну керекпіз. Біз жұмысымызға арқау еткелі отырған су стихиясы – алғашқы төрт элементтің бірі де бірегейі. Су – от стихиясына қарағанда анағұрлым нәзік те біртекті стихия, ол табиғаттың әдемі әшекейі. Алайда, поэзиядағы су образына үстіртін қарауға болмайды. Суда, оның субстанциясында киелілік бар, әрдайым жаңарып, өзгеріп отыратын таным бар. Су үнемі ағады, тоқтаусыз ағады, құлай ағады. Су – баянсыз, өткінші стихия.

Әрбір халықтың әлем картинасын елестетуде өз этноспецификалық ерекшеліктері болады. Олар тілде, оның құрылымында, өлең жолдары арқылы берілетін ассоциацияларда және т.б. көрініс табады. Әлем картинасындағы алғашқы элементтер – от, ауа, жер, су стихиялары архетип ұғымымен тікелей байланысты. Архетип сөзі алғашқы үлгі, түпнұсқа (грек, arche – бастау, топос – бейне) мағынасын білдіреді. Архетиптер – жасампаз шығармашылыққа тән қиял негізінде пайда болған, адамзат пайда болғаннан бергі оның даму тарихында үстемдік етіп келе жатқан көне бейнелер. «Архетип» ұғымын ғылымға алғаш енгізген швейцарлық ғалым, психиатр К.Г.Юнг еді. Бұл ұғым оның «Ұжымдық ырықсыздық архетиптері» атты еңбегіндегі сана мен ырықсыздық туралы

ілімінен бастау алады. Юнгтің аналитикалық психологиясында архетип көмескі сананың тылсымдық құрылымдарында «ұжымдық бейсаналық, ырықсыздық» ретінде сақталады [4, 47 б.].

Архетип туралы юнгтік ілімді Ж.Лакан, Е.М.Мелетинский өздерінің зерттеу еңбектерінде ары қарай дамытты. К.Г.Юнгтің пікірінше, архетип образдар адам санасын билеп-төстеп, «олардың барлығының бойында әркімнің жан әлемінің ортақтық негізін түзетін жеке-даралық табиғатына ие болуды тарататын» ұжымдық бейсаналықтың басты мазмұны болып табылады [5, 27 б.]. Е.М.Мелетинский болса «архетип» ұғымының аумағының кеңейгенін атап көрсетеді [6, 195 б.]. Жинақтаушылық пен типологиялық тұрақтылық әдеби архетиптің басты белгілері. Әдеби архетип үлгілеріне «мәңгілік, әмбебап бейнелер» (әлем әдебиетіндегі бейнелер), символдық бейнелер (аспан, су), тұрақты бейнелер (ана, бала, сәби, ата, жол, үй) және т.б. жатады. Қазіргі заманғы әдебиеттануда әдеби архетип ұғымы толығымен қалыптасып, архетиптік талдау негіздері өзге де әдіснамалық амал-тәсілдермен қатар жалпы поэтиканың құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Әрбір ұлттың әдебиетінде архетиптің өз мағынасы болады, сонымен қатар, әмбебап, ортақ архетиптер де бар. Жер шарын мекен еткен халықтардың танымындағы архетиптердің қалыптасуына көне замандардағы мифологиялық, діни, тарихи және тағы да басқа факторлар жиынтығы алғышарт ретінде әсер етіп, қоғамдық санада осы факторлар табиғи түрде сақталып, уақыт өте келе тек белгілі бір ұлтқа, белгілі бір халыққа ғана тән құндылықтар жүйесі мен бірегей мінез-құлық нормалары қалыптасады. Корейлердің мәдени архетипіне қиыршығыстық халықтардың мәдениеті жатады. Әдеби архетип – фольклор мен көркем туындыларда көп кездесетін образдар, сюжеттер, мотивтер. Ол уақыт ағымына сәйкес сыртқы өзгерістерге ұшырағандығына қарамастан, ғасырлар бойы қалыптасқан мазмұндық мән-мағынасын, рухани-мәдени құндылығын жоғалтпай

келеді. Көптеген әдеби образдар, мотивтер белгілі бір архетиптік бастаудан нәр алады да, концептуалдық тұрғыда оны жаңа мазмұнмен байытады [5, 11 б.].

Көркем шығарманы талдауда адам дүниетанымында кездесетін түрлі архетиптік бейнелердің мағыналық, мазмұндық салмағына басты назар аударылады. Зерттеушілер негізгі архетиптердің үнемі өзгеріс үстінде болатындығын, даму барысында әдеби бейнелерге айналатынын, жинақтаушылық, типологиялық тұрақтылық, қайталанып отыратын қасиетімен ерекшеленетіндігін атап көрсетеді. Жоғарыдағы айтылғандарға байланысты, біз өз зерттеу жұмысымызда жаңа және қазіргі заманғы корей ақындарының шығармалары негізінде су стихиясының эмоционалдық-сезімдік әлеміне сипаттама жасауға талпынбақпыз. Жұмысымыздың өзектілігі әлемнің көркем картинасы аясындағы су стихиясының орнын айқындаумен анықталады. Жұмысымыз ХХ ғасырдағы корей ақындары поэзиясындағы су стихиясының нышан-белгі бейнесін зерттеуге арналған. Су стихиясының поэзиядағы бейнесі өте кең ұғымда қолданылады. Су өзінің нышандық белгісімен барлығын өзара байланыстыра алады. Су – шын мәнісінде, алла-тағаланың бізге берген сыйы, ол шексіз, ол өлшеусіз. Ол – бұлақ, теңіз, жаңбыр, шық, қар, мұз, шарап, көздің жасы және т.б. Әртүрлі кезеңдерде өмір сүрген корей ақындарының табиғат тақырыбында жазылған өлеңдері зерттеу жұмысымыздың нысаны болып табылады. Зерттеу тақырыбымыз корей поэзиясындағы су стихиясының образдарын қамтиды.

Жұмысымыздың мақсаты – қазіргі заманғы корей поэзиясында судың символдық мағынасының көрінісін зерттеп зерделеу. Ол үшін біз әлемнің көркем картинасындағы су стихиясының орнын айқындап, архетип түсінігін саралап, корей поэзиясындағы су мотивтерінің ролін анықтап, қазіргі заманғы корей ақындарының өлеңдеріне талдау жасап, су стихиясының поэзияда алатын орнын зерделеу сынды міндеттерді шешуге ұмтылыс жасамақпыз.

Мәселенің зерттелу деңгейі

Су стихиясы адамды ықылым замандардан бері мазалап келеді. Ғалымдарды, философтар мен әдебиет зерттеушілерін су стихиясымен байланысты мәселелер, оның табиғаттың бөлшегі ретіндегі, адам өмірінің көзі ретіндегі орны мен маңызы қызықтырғандықтан, оны әртүрлі қырынан зерттеп, зерделеуде. Ақындар су образын табиғаттың әшекейі ретінде пайдаланады. Су үнемі ағады, үнемі қозғалыста болады, яғни, су шын мәнісінде өткінші, мәңгі қозғалыстағы стихия.

Су – Қиыр Шығыстың философиялық жүйесінің негізінде жатқан ең күшті стихиялық алғашқы элемент. Су стихиясы күш-қуат беретін табиғи бастау мен инь әлеміндегі әйелдер бастауымен өзара қарым-қатынаста. Су және сустихиясы жалпы көлемді архетиптік бейнелердің негізі болып табылады. Әлемдік мәдени дәстүрде суға, оның әртүрлі формалары мен символикасына өте маңызды орын беріледі. Судың екі бейнесі айқын: су – өмірдің қайнар көзі бола тұрғанымен, одан су басу қауіп-қатері мен опатты күтуге де болады [4, 19 б.].

Архетиптік образдар мен мотивтер – архетип тақырыбының вариациялары. Олар мифтерде, аян-түстерде, діни және алхимиялық ілімдерде, көркем және әдеби шығармашылықта жиі байқалады [7, 171 б.]. Осындай архетиптік образдардың бірі – су, ол мәңгілік қозғалысты, тұрақсыздықты білдіреді. Су – мәңгілік символы. Ол тіршіліктің үзілмейтін тасқыны, ағысы; оған уақыттың жекелеген тарамдары құйылады. Геомантия бойынша, тоқтап тұрған су күш-қуат беретін энергияны жинап, оны тарату қабілетіне ие, ал ағын су оның күшті жеткізушісі. Сумен тығыз байланысты екінші образ – әлем айнасының образы, яғни, барлық образдардың көрінбейтін сыңары мен мағынасыздық тыныштығының көрінісі [8, 318 б.].

Сонымен, «архетип» түсінігі – праобраз, бірінші пайда болған образ, идея. Архетип арқылы ұлттық-психологиялық ерекшеліктер

мен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан адамдардың ұлттық сипатының белгілері беріледі. Архетипті анықтаудың бірнеше критерийлері бар: архетип мифтерде, аңыздарда, ертегілерде, жырларда және т.б. көрініс табады; ол барлық халықтарда барлық дәуірлерде байқалады; архетип бір ұғымды бейнелеп, қандай да бір болмасын символмен білдіріледі; архетип тұтас құрылым болып табылады; оның жағымды да, жағымсыз да қырлары бар; архетип оны өмірмен байланыстыратын қандай да бір болмасын қасиеттерге ие болуы тиіс; архетип адамдардың көңіл-күйіне қатты әсер ете алады; архетиптерде өзіндік ерекшелігі бар энергетика шоғырланған [4, 171 бет].

Корея географиялық тұрғыдан өзен мен көлдер мекені, жан-жағынан мұхиттармен және теңіздермен қоршалып жатыр. Сондықтан болар, корей ақындары өз шығармаларында су мен су стихиясына көп сүйенеді. Су жағасында отырған ақын терең ойға шомып, бар құпиясын соған ақтаратындай. Мысалы, ортағасырларда өмір сүрген танымал ақын Ли Хён Бо туған жеріне деген сүйіспеншілігін, пендешілік өмірдің кереметтігін, одан айырылып қалғысы келмейтіндігін: «су бетінде гүлдеген қамыс арасына өзінің жапырақтай қайығын байлап қойсам» деп білдіреді. Сондай-ақ, «еңкейіп қарасаң, судың түпсіз-терең екендігін көресің» деген жолдарды оқығанда, адам бойында қорқыныш, үрей сезімі пайда болатын болса, осы өлеңнің соңында «су айдынындағы ай сәулесі анық, одан сенің жаның жайбарақат табады» деген жолдар адамды тыныштандырып, өзін қауіпсіз сезіндіретіндей.

Мақаламыздың әдіснамалық негізі әдеби архетип ұғымын, су стихиясы образдарының поэзияда көрініс табуын, корей поэзиясын зерттеп жүрген Юнг К.Г., Николаев А.И., Большакова А.Ю., Башляр Г., Чжон У Рак, Мелетинский Е.М., Фаустов А.А., Новикова Е.В. сынды шетелдік және ресейлік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде ұсынылған тарихи-әдеби және интертекстуалдық тәсілдермен анықталады.

Нәтижелер

Су образы ХХ ғасырдағы корей ақындарының да сүйікті тақырыбы. Су жағасында (мейлі ол өзен болсын, көл болсын, кішкентай ғана бұлақ болсын, толқындары жартасты соққылаған теңіз, не мұхит болсын) отырып, адам қиял әлеміне шарықтайды, барлық құпияларын ақтарады, естеліктер еліне сапар шегеді. ХІХ-ХХ ғғ. тоғысында чханга жанры корей поэзиясының негізгі жанрына айналды. Корей әдебиетіндегі жаңа кезеңнің жаршысы болған Чхве Нам Сонның «Теңізден жастарға (해에게서 소년에게)» поэмасы – осы жанрда жазылған су стихиясының өршіл, ештемеге бой бермес күшін жырлаған шығарма. Шығармада нақты субъективті және жеке бастама байқалады, ал сюжетінде корей қоғамындағы қайта құру идеясы, «ескі» мен «жаңаның» қақтығысы, тамыры тереңге тараған әділетсіздік бейнеленген. Буырқанған теңіздің жарға соғылған толқындарын « 처.....큰씩, 처.....큰씩, 처, 싸.....아» деген дыбыстық-бейнелеуіш сөздермен жеткізген ақын, «Барлығын қиратып жатырмын (따린다, 부순다, 무너바린다)...// Менің құдіретім бе? Білмеймін. Ашуға толы айқаймен (나의 큰 힘 아나냐, 모르나냐, 호통까지 하면서)// Барлығын қиратып жатырмын (따린다, 부순다, 무너바린다) // Мен ешнәрседен қорықпаймын (내게는, 아모것, 두려움없어) ...// Менің алдымда ешнәрсе істей алмайсыңдар (내앞에와서는꿈작못하고) ...// Кім болсаң да, маған тағзым етесіңдер (누구누구누구냐너희역시내게는굽히도다) ... // Мен – жалғыз құдіретті күшшіні (부리면서, 나혼자거룩하다하난자)» деп су стихиясының алапат күшін көрсеткен.

Ақын өзінің романтикалық стилін қалыптастыруда көбіне метафораны пайдаланады. Метафора арқылы кейіпкердің бойындағы күші мен ішіндегі уайымын сипаттайды. Көпмағыналы болса да, шынайы эпитеттер арқылы қайталанбас әрі эмоцияға толы образ жасаған. Өлең жолдарында Чхве Нам Сон қоғамға жаңа өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді. Кейіпкерді «теңіз» бейнесі арқылы сөйлетіп, бойда бар күшті, құдіретті көрсетіп, бостандық, азаттық туралы

ойларын тікелей білдіру арқылы жастардың рухынояттып, өзімен бірге қосылуға шақырады. Теңіздің шексіздігін бейнелеу арқылы адам қиялының үшқырлығын, мақсатына жетер жолда күш біріктіргендердің алмайтын қамалы қалмайтындығын меңзейді. Чхве Нам Сон теңізді қатігез, ызалы, адуын, долы мінезді етіп суреттейді. Ақын тектен-тек су образын өз шығармасына арқау етіп отырған жоқ. Бұл шығармадан біз судың бастапқы, алғашқы образының органикалық шынайылығын көре аламыз.

Су образын жырға қосқан корей ақындары оған таңғажайыптылық, құпиялылық, сиқырлылық береді. Әлемді жарату үшін де, түн түнетін түру үшін де бір тамшы су жеткілікті. Бір тамшының өзі қиялға қанат бітіріп, сені тұңғық тереңге де алып кетеді, шарықтатып заңғар көкке де ұшырады. Суды өз бойына сіңірген өмір самғау күшін жоғалтпайды. Су стихиясын поэтикалық образ ретінде қарастыратын ақын, оның әлемнің бір ағзасы екендігін, болып жатқан құбылыстардың азығы екендігін, кірді жуып-шаюшы құдіреті бар екендігін сезінеді. Сонымен қатар, су ауадай жеңіл күйде барлық жыл мезгілдерін де, ғашықтық сезімдерін де білдіре алатын ерекше күш. Ол өсімдік сияқты бір маусымдық та бола алады, мәңгі жасыл да бола алады. Судың құдіреттілігі соншалықты, ол жақсылық пен жамандықты, үрей мен қалауды, ақ пен қараны да білдіре алады. Корей поэзиясындағы су – үнсіз әрі айқайшыл, баяу әрі шапшаң, көнбіс әрі асау. Ол өмір мен өлім арасындағы дәнекер іспеттес.

Әлем жаратылысының алғашқы төрт элементтері бір-бірімен тығыз байланысты. Су басқа стихиялармен, әсіресе жермен үйлесімділікте өмір сүреді. Су – әйелдік сипатқа ие, аналық бастау болып табылады. Судан өскін бүршік жарып, бұлақтар ағады, адам дүниеге келеді. Су – адам ойынан туындаған ең ұлы символдық құндылық – тазалық архетипінің объектісі. Мөлдір, тұнық су образы тазалықтың, пәктіктің белгісі. Суда тазалықтың барлық белгілері шоғырланған.

Су үні – жәй метафора емес, су тілі – поэтикалық ақиқат, шындық, сылдырлап аққан бұлақтар мен өзендер мылқау табиғатқа жан бітіретіндер, су үні құстар мен адамдарға ән салуды, сөйлеуді, бір-бірінің сөзіне құлақ түруді үйрететін құдіретті күш. Сонымен, су – денесі, жаны, үні бар тоталды тіршілік иесі, тұтас бір поэтикалық шындық.

Су архетипі көптеген образдардан тұрады, бірақ олар жер архетипіне қызмет ететін образдар сияқты тұрақты әрі мықты емес, оларда от образдарына тән серпінділік жоқ. Суда – адам қиялын алға жетелейтін сиқырлылық құдіреті бар. Адам суға барып мұңын шағып, онымен тілдесіп, ішінде жиналып қалған мұң-наласын айтып, қайғы-шерін тарқатады. Хуан Ин Сук «Өзен» (강) атты өлеңінде сөйлеуші өзінің осы әлемге, әсіресе жалғыз тыңдаушыға «өзін-өзі қауіпті сезіну, адалдық, ішкі әлсіздік және барлық жасырғанын» табиғатқа ашады:

당신이 얼마나 외로운지, 얼마나 괴로운지
미처버리고 싶은지 미처지지 않는지
나한테 토로하지 말라심장의 별레에 대해
웃장의 나방에 대해
찬장의 거미줄에 대해 터지는 복장에 대해
나한테 침도 피도 튀기지 말라
인생의 어긋장에 대해 저미는 애간장에 대해
빠개질 것 같은 머리에 대해 치사함에 대해
웃겼고, 웃기고, 웃길 물골에 대해
차라리 강에 가서 말하라 당신이 직접
강에 가서 말하란 말이다.
강가에서는 우리
눈도 마주치지 말자.

Қаншалықты жалғыз екеніңді,
Қаншалықты іш-пысарлық жағдайда
екеніңді,

Қаншалықты естен адасқың келетіні
жайлы,

Жүректен орын тапқан жәндіктер,

Шкафтағы өрмекші торлар,

Бұзылған киімдер жайлы маған айтушы
болма.

Маған қарай түкірік те, қан да шашпа.

Өмірдің торын, үрейлі күйді,

Бірнеше бөлікке бөлінетіндей бас жайлы,

Өлім аузында тұру жайлы, алғыс жайлы,

Күлкілі күй, бейне жайлы

Өзенге барып айт.

Өзің өзенге барып,

Ішіндегіңмен бөліс деген сөзім.

Өзеннің бойында біз

Көзбен де кездеспейік.

Бұл өлеңнен ақынның табиғатпен байланысын көреміз. Бұл жалғыздық пен адамдардан ақынның шаршағандығын көрсететін өлең. Бірақ сіз табиғатқа ие болу үшін қаншалықты бақыттысыз? Біздің жалғыздығымыз туралы сөйлесетін адам болмаса да, біз ойымыздағыны шынайы өмірде жүзеге асырғымыз келсе де, солай «жынды» болғымыз келсе де, қалайша «жынды» болмау туралы сөйлесіп, іштегіні ақтарып, сыртқа шығарып, онымен бөлісе алатын ешкім жоқ, бірақ бізде өзен бар.

«Маған қарай түкірік те, қан да шашпа» деген жолда да сумен байланысты көруге болады. Түкіріктің де, қанның да құрамында су бар, олар да сұйықтық қасиетіне ие, әрі эмоционалдық көңіл-күйді білдіріп тұрған образдар. Адам мен адам арасындағы қарым-қатынастағы шешім табиғатта болады. Ақынның бір айтқысы келгені – біз бір сәт болсын табиғатпен жалғыз қалып, бізді мазалаған сұрақтарға жауап іздеп, тынығуды ұмыттық. Ақын өмірінде қандай жайт болмасын, күнделікті тұрмыс жайлы болса да, ерекше қайталанбас жағдайлар болса да маған айтпа. Оның орнына өзенге барып, сонда ішіндегінің барлығын сыртқа шығар. Өзен бойында кездескеннің өзінде де, көзбен кездеспейік. Өзен бойында тұрып, ойларыңды ретке келтіріп ал, табиғатты сезін деген ойды жеткізгісі келген. Өзен бойында тұрып, судың бетіне қарап тұрғанда өзіңді бұл әлемнен тыс тұрғандай сезімге бөленіп, табиғатпен «бетпебет» келгенде жаңадан күн туғандай сезімге бөленесің дейді. Тыныш тұрған судың беті жалғыз емес екендігіңді және не нәрсемен бөліссең де, өзен суы сені түсінетіндей, онымен ешкіммен бөліспейтін ойларыңмен бөлісіп, ешкімге ақтармаған сырыңды ашуға болатындай күй кешесің.

Тұнық көктемгі судан балғындық, жастық қасиетін аңғаруға болады. Балғындық – табиғаттың оянуын білдіреді, сиқырлы сезімге жетелейді. Балауса балғындықты бұлғаңдап аққан тау суына қолыңды шайғанда сезіне аласың, ол бүкіл табиғатқа тарап, арнасынан асып-төгіліп жатқандай сезімде қаласың. «Жазғытұрғы су тасу», «көктем суы» деген сөз тіркестері мінсіз үйлесімді, құлаққа жағымды естіліп, көктемнің келуіне ерекше реңк беріп тұрады. Судың шуылы да балғындық пен тұнықтық метафорасын білдіреді. Алуан түрлі табиғатсуреттемелеріндесыңғырлапкүлгенсу, шаттыққа бөленген сарқырамалар кездеседі. Бұлақ тілімен балаң табиғат былдырлайды. Алғашқы таң шапағымен жарыса шыққан су дыбысын ақындар жастыққа балайды. Айдын көлді адамдар көзге теңейді. Көл барлық жарықты өзіне тартып алып, одан әлемді жасайды. Адамның көз жанары да дәл сондай, оған барлық нәрсе сыйып кете алады, ол тұңғыық терең. Көз өзіндегі қиял көріністерін пайымдау еркіне ие. Г.Башляр «Адамның көзінің өзі жарқыраған сұлулық емес пе? Ол панкализм мөрімен белгіленген емес пе? Таңғажайып сұлулықты көру үшін, оның өзі де таңғажайып сұлу болуы керек» дейді [9, 28 б.]. Шынында да, су – жердің шынайы көзі. Табиғатта тамашалаушы да су, қиялдаушы да су. Ал қазіргі заманғы корей ақыны Чоң Джи Ёң «Көл 1» (호수 1) өлеңінде сағынған жүректі көлге теңейді:

얼굴하나야

손바닥들로
뚝가리지만,

보고싶은마음

호수만하니

눈감을밖에.

Бір бет

Екі алақанмен жабылса
да,

Сағынған жүрегім
көлдей.

Көзімді жұмғаннан
басқа ешнәрсе

Істей алмаймын.

Басқа өлеңдері сияқты, Чоң Джи Ёңның бұл өлеңі де эмоционалды байсалдылықты, меланхолияны өте жақсы сезіндіретін жыр жолдарын құрайды. Өлеңнің мазмұнына үңілсеңіз, сағыныш тақырыбында жазылған

өлеңдерде ақындар сағыныштан сарғайған сезімдерін ашық жеткізуге тырысса, ал бұл өлеңде ақын сағыныш сезімін сабырлылықпен жеткізе білген.

Сағыныш сезімін кеңдік пен тереңдік арқылы білдіру сирек кездеседі. Сағынған жүректі көлмен салыстырған сәтте мұндай жүректің көлемі шексіз «көлге» айналып, шарасыздыққа айналады. Сіз өзіңіздің бүкіл бетіңізді екі кішкентай қолыңызбен (алақаныңызбен) жаба аласыз, бірақ сіздің ақыл-ойыңызды ешнәрсе жаба алмайды. Осылайша, сөйлеуші көзін жұмамын дейді. Көзді жұму әрекеті арқылы көруге деген ұмтылыс сіздің көзіңізбен көретін нәрсе емес және сіз оны өлшей алмайсыз дегенді білдіреді. Өлең өте қысқа болғанымен де, оны қайта-қайта оқыған сайын, оның мағынасының терең, «шексіз» екендігін байқауға болады.

Сонымен қатар, өлең мазмұнында сағынған сезімім көлдей үлкен, терең болғаны соншалықты, көзімді жұмғаннан басқа ештеме қолымнан келмейді деген жолдарға екі түрлі түсініктеме беруге болады: 1) ақын шынайы өмірден тығылып, осылайша әлемде болып жатқан жағдайларға тосқауыл қойғысы келетіндей; 2) ақынның жұмған көздерін ашқысы келмеуі парадоксалды әрекет болуы мүмкін, өйткені осылай ғана ішкі қиялын жырға қосып, айдын көлмен теңестірген сағынышын ойша елестете алады.

Қорытынды

Зерттеу қазіргі заманғы корей поэзиясындағы су образдарының бинарлы қарама-қарсы жақтарына назар аударып, олардың жалпы мағыналарын зерттеуге бағытталған. Өлемдік көркем картинадағы су архетипіне тоқталып, тірі организм болып табылатын су стихиясын жырға қосқан корей ақындарының бірқатар өлеңдерін талдау арқылы олардың қиыр шығыстық ділге, мәдениетке тән ерекше бір сезімталдықпен, ерекше талғаммен су образдары – мұхит, теңіз, өзен, көл, бұлақ, жылға, тоған, көлшік, құдықтағы су, нөсер, жаңбыр, бұлт, шық, тамшы, көз жасы және т.б. арқылы ғаламдық мәселелерден бастап адам жанының әртүрлі

күйлерін жеткізуге тырысатындығына көз жеткіздік. Судың материалдық қиялы сөзбе-сөз барлық бағыттарды алады және адамның өмірлік циклына байланысты тұжырымдама мен туылу, өмір мен өлім, тіпті қайта туылу бейнелерін қамтиды. Бұл процесте су туралы материалдық қиял табиғи түрде қарама-қайшылық пен сол қарама-қайшылықтың шеткі нүктелерін қабылдау бағытында дамиды. Нақтырақ айтқанда, ол бинарлы оппозицияның жұмсақ және қатты, үзілу мен жалғасу, қоштасу және кездесу, қалау мен ой, идеал мен шындық сияқты қарама-қайшы құрамдас бөліктерін құрайды.

Әдебиетте су бейнелері бір-біріне жай ғана қарама-қарсы емес. Осылайша, жазушылар өздерінің әдеби шығармаларында әртүрлі адами сезімдерді бейнелеген. Біз үнемі судың жан-жақтылығына негізделген тұрақты құндылықтарды табуға тырысамыз. Су жекелеген нысандардағы бинарлы қарама-қарсы бейнелерден көрінсе, ал сентименталды әртүрлілік шығармалардан көрініс табады. Дегенмен, су Ұлы абсолют сияқты әмбебап ретінде өмір сүреді. Су – өмірдің қайнар көзі мен символы. Су – Қиыр Шығыстың философиялық жүйесіндегі өте күшті стихиялардың бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Бидерманн Г. Энциклопедия символов / Г. Бидерманн. - Москва: Республика, 1996. - 42 с.
2. Башляр Г. Право на грезу / Г. Башляр. - Москва: РОССПЕН, 1970. - 200 с.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 с.
4. Большакова А. Ю. Теория архетипа на рубеже XX — XXI вв. // Вопросы филологии. - 2003. - 47 с.
5. Юнг К. Г. Архетип и символ /К.Г. Юнг. - Москва: Ренессанс, 1991. - 298 с.
6. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа /Е.М. Мелетинский. - Москва: Наука, 2000. - 407 с.
7. Фаустов А.А. Архетип. Поэтика: словарь актуальных терминов и понятий /А.А. Фаустов. - Москва: Издательство Кулагиной, 2008. - 320 с.
8. Новикова Е.В. Китайский сад – модель взаимоотношений Человека и Природы. Человек и природа в духовной культуре Востока / Е.В. Новикова. - Москва: Крафт, 2004. - 318 с.
9. Башляр Г. Вода и грезы. Опыт о воображении материи / Г. Башляр. - Москва: Издательство гуманитарной литературы, 1988. - 28 с.
10. 정우락. 한국 문학에 나타난 물이미지의의향대립 (二項對立) 과그의미 - 경북대학교 토계연구소, 2011. - 46 б.

У.А. Амирбекова, А. Бакумбайқызы

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Проблемы стихии воды в современной корейской поэзии

Аннотация. В статье рассматриваются роль стихии воды в художественной картине мира и ее место в корейской поэзии. Образы природы имеют глубокое философское и символическое значение в поэзии Дальнего Востока, в том числе в корейской поэзии. Вода, как и другие первоэлементы, является неотъемлемой частью жизни человека. Стихия воды - один из древнейших образов, господствовавших в истории развития человечества. Автор, анализируя стихи современных корейских поэтов, попыталась показать особенности образов воды в корейской поэзии. Хотя корейская поэзия, являющаяся неисчерпаемым источником духовной культуры корейского народа, невооруженному глазу может показаться простой, она имеет глубокий смысл. В статье рассказывается, как современные корейские поэты создали свой уникальный литературный мир, используя отдельные аспекты классического литературного наследия прошлого – тему воды.

Ключевые слова: стихия воды, формы воды, символика воды, источник жизни, центр опасности, понятие «архетип», гармония и красота в мире.

U.A. Amirbekova, A. Bakumbaykyzy
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Problems of the water element in modern Korean poetry

Abstract. The article examines the role of the element of water in the artistic picture of the world and its place in Korean poetry. Images of nature have deep philosophical and symbolic meaning in the poetry of the Far East, including Korean. Water, like other primary elements, is an integral part of human life. The element of water is one of the most ancient images that prevailed in the history of human development. The author, analyzing the poems of contemporary Korean poets, tried to show the features of the images of water in Korean poetry. Although Korean poetry, which is an inexhaustible source of the spiritual culture of the Korean people, may seem simple to the naked eye, it has deep meaning. The article describes how contemporary Korean poets have created their own unique literary world, using individual pieces of the classic literary heritage of the past - the theme of water. The article examines the role of the element of water in the artistic picture of the world and its place in Korean poetry. Images of nature have deep philosophical and symbolic significance in the poetry of the Far East, including Korean. Water, like other primary elements, is an integral part of human life. The element of water is one of the most ancient images that prevailed in the history of human development. The author, analyzing the poems of contemporary Korean poets, tried to show the features of the images of water in Korean poetry. Although Korean poetry, which is an inexhaustible source of the spiritual culture of the Korean people, may seem simple to the naked eye, it has deep meaning. The article describes how contemporary Korean poets have created their own unique literary world, using individual pieces of the classic literary heritage of the past - the theme of water.

Keywords: water element, water forms, water symbolism, life source, hazard center, the concept of «archetype», harmony, and beauty in the world.

References

1. Bidermann G. Jenciklopedija simbolov [Encyclopedia of Symbols], (Respublika, Moscow, 1996, 42 p.), [in Russian].
2. Bachelard G. Pravo na grezu [The Right to Dream], (Rosspen, Moscow, 1970, 200 p.), [in Russian].
3. Baitursynov A. Adebiet tanytkysh. Zertteu men olender [Literature guide. Research and poetry], (Atamura, Almaty, 2003, 208 p.), [in Kazakh].
4. Bolshakova A. J. Teorija arhetipa na rubezhe XX – XXI vv., Voprosy filologii [The Theory of the Archetype at the Turn of the Twentieth and Twentieth Centuries, Philological Issues], 2003. 47 p.
5. Jung K G. Arhetip i simbol [Archetype and Symbol], (Renessans, Moscow, 1991, 298 p.), [in Russian].
6. Meletinskij E.M. Pojetika mifa [The poetics of myths], (Nauka, Moscow, 2000, 407 p.), [in Russian].
7. Faustov A.A. Arhetip. Pojetika: slovar' aktual'nyh terminov i ponjatij. [Poetics: Dictionary of Current Terms and Concepts], (Izdatel'stvo Kulaginoj, Moscow, 2008, 320 p.), [in Russian].
8. Novikova E.V. Kitajskij sad – model' vzaimootnoshenij Cheloveka i Prirody. Chelovek i priroda v duhovnoj kul'ture Vostoka. [The Chinese Garden is a model of the relationship between Man and Nature. Man, and Nature in the Spiritual Culture of the East], (Kraft, Moscow, 2004, 318 p.), [in Russian].
9. Bashljar G. Voda i grezy. Opyt o voobrazhenii materii. [Water and Dreams. An Experience of the Imagination of Matter], (Izdatel'stvo gumanitarnoj literatury, Moscow, 1988, 28 p.), [in Russian].
10. Jeong-ulag. hangug munhag-e natanan mul imijiui ihangdaelib(ihangdaelib)gwageuuimi. [The Binary Opposition of the Image of Water in Korean Literature and Its Meaning], (Toge Research Institute, Gyeongbuk National University, Buk-gu, 2011, 46 p.), [in Korean].

Авторлар туралы мәлімет:

Амирбекова Умитай Абдиқарпаровна – Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Бақумбайқызы Аружан – шығыстану факультетінің 4 курс студенті, Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Amirbekova Umitai Abdikarparovna – Senior Lecturer of the Department of the Far East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Bakumbaikyzy Aruzhan – The 4th year student in Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.